апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

18+

газета издается с 26.06.2004 года

№ 25/669

19 июня 2020 года

**28-МАУСЫМ – БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ!**

## ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің мерекесін біраздан бері 28-маусым күні атап өтетін болды. Оған себеп, жоғарғы деңгейден қабылданған арнайы құжат. «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017-жылғы 31-қазандағы № 689 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001-жылғы 13-желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ етеді:

1.«Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017-жылғы 31-қазандағы №689 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2017 ж., №53, 343-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесінде: мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын: «6-1. Байланыс және ақпараттандыру қызметкерлері күні – 17-мамыр»; 16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «16.Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні – 28 маусым».



2.Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін колданысқа енгізіледі. Осы құжат негізінде Қазақстанда 28-маусым күні бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің мерекесін біздің қаладан шығып тұрған «Приозерский вестник» газеті де өз хал-қадерінше атап өтіп келеді.

Әуел басында сарышағандық азаматшаның бастамасымен алғаш рет 2004-жылғы маусым айының 26-жұлдызында ашылған осынау газет алғашқы кездері тек орыс тіліндегі ақпарат, мақала және жарнама-хабарландыруларымен көзге көрінді. Қаламызда басым көпшілік тұрғындардың қазақ ұлтының өкілдері болуына байланысты орыс тілді газеттің таралымы онша көп бола алмады. Себебі, газетті оқитын оқырмандардың ара-салмағын ең көп ұлт қана анықтайды. Сондықтан да сол кездегі газет иесі осы түйткілді мәселені ескеріп, екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде шығаруға өтті. Дәл сол жылдары газеттің басы-қасында жүрген Серік дейтін азамат менің кәсіпқой журналист екенімді жұрттан естіп, арнайы өзіммен хабарласты. Екеуара келісімнің арқасында еңбек ақы жайын белгілеп, оңтайлы бәтуа жасалды. Ол кезде келісімшарт арқылы республикалық «Қазақстан-Заман» газетіне, «Денсаулық» журналына және облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне менің мақалаларым жарияланып тұратын. Жазғандарым үшін дер уақытында қаламақым төленіп тұрды. Тағдырыма жазылған, өзім сүйіп, таңдаған мамандығым бойынша мен мақалалар, ақын деп жүр танығасын өлең-жыр жазбасам ауыратын адаммын. Ол кезде бірнеше мекемедегі аудармашылық қызметіме қоса газет-журналдарға жазып тұру мен үшін аса қиын болған жоқ. Әрі өзім және отбасым үшін қосымша табыс – нәпақа. Ал, жергілікті газетке тек өзіміз жасап жатқан Приозерск қаласының тыныс-тіршілігі, жаңалықтары мен ақпараттар, білім, денсаулық, коммуналдық-шаруашылық, әдебиет пен өнер, мәдениет туралы, қаланың еңбек адамдары мен танымал тұлғалар, ұлттық құндылықтар жайлы мақалалар қазақ тілінде шыға бастаған шақта, газетті сатып алушы оқырмандар қарасы көбейді. Бұл кезде газеттің таралымы да едәуір жақсарып қалды.

Арадан жылдар зулап өтіп, сәті келгенде газеттің бастапқы иесі қазіргі меншік егесі Александр Струментовке сатқан болатын. Ішкі істер саласында ұзақ жылдар қызмет етіп, зейнетке шыққан Александрдың өзі техникалық редакторлықты қолға алды. Компьютерден, ғаламтордан мол хабардар іскер жігіт тез арада бұл саланы да игеріп алды. Газеттің редакторы болып өзімен бірге қызмет еткен, жазу-сызумен, аудармамен бұрыннан айналысып келген Бегазы Кенжебеков тағайындалды. Бұл екі азаматпен де бұрыннан жақсы таныспын, тығыз араласқандықтан мені жақсы біледі. Сондықтан тілші болып қызмет етуге шақыруы таң қаларлық жағдай емес еді. Мен келісім бердім, әрине. Осылайша үшеміз «Приозерский вестник» газетінің бүгінгі таңдағы жүгін бірге көтерісіп келеміз. Қаладағы кит еткен барлық жаңалық, ақпарат, мереке-жиын, ісшаралар, спорттық жарыстар мен жеке адамдар мен еңбеккерлер өмірі, мерекелік күндер, белгілі адамдардың мерейтойлары назарымыздан тыс қалмайды. Оқырмандарымыз, жаңалықтарды жазып тұратын штаттан тыс тілшілеріміз біздің қолдаушыларымыз һәм ниеттестеріміз. Қалалық архив директоры Жолмұрат Кеңесұлы біздің газеттің тұрақты және белсенді штаттан тілшісі екендігін мақтанышпен айта кетуге тиіспін. Апта сайын қаламыздың жаңалықтары мен ақпараттарды дер уақытында жұрттың назарына ұсынатын ел жаршысы болған газетіміздің өз оқырмандарымен қауышқанына да он алты жылдың жүзі болыпты. Осы кезеңде мыңдаған жол мақала, ақпарат, очерк, өлең жырларым оқырманға жол тартып, олардың назарына ілікті. Бірнеше журналистер байқауына қатысып, жүлделерге ие болдым. Қаншама адамдармен таныс-біліс, сұқбаттас бол-дым. Осынау газетті мен өзімнің екінші отбасымдай көремін...



Биыл біздің төл мерекеміз жексенбі күніне тура келіп тұр екен. Осындағы және Тауман Амандосов айтқандай: «Аттың жалы, түйенің қомында жүретін...» барлық әріптестерімді төл мерекемізben шын жүректен құттықтаймын! Мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасылық бақыт, шығармашылық табыс тілеймін! Еңбектеріңіз әрқашан жана берсін!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
**газеттің арнаулы тілшісі.**
**ҚР ЖО мүшесі.**

## МЕРЕКЕЛЕРІҢМЕН, ӘРІПТЕСТЕР!



Маусым айының алдағы жексенбісі, яғни, 28-маусым күні атап өтілетін даталы күннің баспасөз қызметкерлерінің төл мерекесі екенін біз де жақсы білеміз. Қалалық мемлекеттік архивтің директоры болғандықтан, біздің де қызметіміз тікелей қағазбен, жазу-сызумен және құжаттамалармен байланысты. Әрі жас кезімнен баспасөзге жақын болып, ойымдағыны, көрген-білгенімді және адамдар өмірі туралы мәліметтерді, тарихи және әдеби-мәдени естеліктерді жинап-теріп жазып, оны баспасөз беттеріне жариялап тұратын әдетім әрі ермегім болып келеді. Приозерск қаласына көшіп келгеннен кейін де бұл әдетімнен қалғаным жоқ. Әуелгі жылдары қаламызда газет-журнал болмағандықтан, облыстық және республикалық газет-журналдарға мақалалар, тарихи оқиғалар жазып, жариялап тұрдым. Республикамыздан бастап, аймақтық газеттерді жаздырып алдырып, үзбей оқып отырамын.

Құдайға шүкір, 2004-жылдан бастап өзімізде «Приозерский вестник» газеті шыға бастады. Міне, сол уақыттан бері мен өзімді осынау басылымның тұрақты оқырманы һәм штаттан тыс тілшісі ретінде есептеймін. Редакция ұжымымен үнемі тығыз байланыстамыз. Әсіресе газеттің арнаулы тілшісі, ақын, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегімен әріптес, әрі замандас ретінде де, өнер мен мәдениет, әдебиет жанашыры ретінде де жақын араласып тұрамыз. Біздің ортақ тақырыптарыз өте көп. Қазақтың құндылықтары – салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырымдар мен тиымдар, дін, діл және тіл туралы, рухани жаңғыру бағдарламасының алға қойған мақсат-мүдделері, өткен тарих пен болашақ, жастар мен ақсақалдар төңірегінде, қаланың тыныс-тіршілігі жайлы ой қозғап, пікірлесіп отырамыз.

Газетпен және баспасөз құралдарымен ертеден байланысымның мол пайдасы тиіп, қаламыздың 50 жылдық мерейтойы қарсаңында Приозерск қаласының өміртарихы туралы кітапты сол кездегі қала әкімі Сағымбай Мұхатайұлы Медеубаевтің өтінішімен жазып шықтым. Одан кейінгі монографиялық еңбегім – Сартай батыр туралы жазған кітабымда да газет-журналдардан жинаған тәжірибемнің жемісін көрдім. Қалалық газеттің көтеріп жүрген жүгі жеңіл емес. Және олардың газетке жариялап тұратын, әртүрлі тақырыптарды қамтитын мақала, очерк, өлең-жырларын тұшынып оқитын жанның бірімін. Елімізде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтар, оқиғалар да газеттің назарынан тыс қалмайтынын байқап жүремін. Өзім де оларға қолқабыс ретінде үзбей жазып келемін. Сондықтан мен де өзімді қаламыздың газеті ұжымының бір мүшесімін деп санаймын. Қаламыздың жаңалықтары мен өмірін ақпараттар арқылы оқырмандарға дер кезінде жеткізіп, еңбек адамдарының өмірі мен қызметін насихаттап жүрген «Приозерский вестник» газетінің шығармашылық және техникалық қызметкерлері ұжымын төл мерекелерімен шын жүрегімнен құттықтаймын және зор денсаулық, ұзақ өмір, қажымас қайрат, шығармашылық табыс пен мол жетістіктер тілеймін! Ізгі ниет, игі тілекпен «Приозерск қаласы мемлекеттік архиві» КММ-нің басшысы

**Жолмұрат Кеңесұлы Кеңесов**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА

# ЖАҺАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

«Жаһандану» ұғымы ағылшын тіліндегі «global» ұғымынан алынған, оны «әлемдік», «дүниежүзілік» деп аударуға да болады. Ал мағыналық тұрғыдан алғанда, бүкіл әлемді қамтыған, яғни құрлық шеңбері шектелмеген, әлемдік деңгейде жүріп жатқан қандай да бір іс-әрекетті білдіреді. Жаһандану – біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру үдерісіне ілесу дегенді де білдіреді. Осы жаһандану заманында ұлттық сананы қалай қалыптастыруға және дамытуға болады?

Елбасы Н.Ә.Назарбаев жаһандану жайлы былай дейді: ***«Жаһанданудың екі түрі бар. Бірі – неолиберализм. Бұл бағытта шикізат пен жоғарғы технологиялық өнімдердің бағасының теңдігі сақталмауы арқылы, мемлекеттердің бай және кедей болып екіге жарылуы жүзеге асады. Бұндай жаһандану адамзаттың үстем бөлігінің кедейшілік пен қараңғылықтан шығуына жол бермейді. Жаһанданудың екінші түрі – мемлекеттер, халықтар, діндер арасындағы ашық пікір алмасу мен тең қатынас арқылы әркімнің өз даму жолын таңдауына, әлемдік нарық жағдайында өз үлесін әділ алып отыруына, қай елде тұратынына қарамастан адамдардың теңдігі сақталуына қол жеткізеді»***.

Қазір барлық мемлекеттер жаһандану жағдайына бейімделіп күн кешуде. Бұл дегеніміз батыстық өркениетті меңгеру жолында ұлттың төл тарихы мен мәдениетін жоғалту қаупі бар деген сөз. Батыстың білімі, ғылымы, технологиясы біздерге қажет-ақ, бірақ шамадан тыс еліктеу дәстүрлі тәрбиелік, адамгершілік құндылықтардан айырады. Сондықтан жаһанданнуды әрбір ұлт немесе мемлекет өз болмысына қарай бейімдеп сіңіре алса қауіпсіз болары анық. Біз осы уақытқа дейін ұлттық мәдениет пен тіл, дін мен діл және басқа да мәселелер түбегейлі шешілді деп айта алмаймыз.

Әрбір халықтың өткен тарихы өз өрнегімен сипатталып, халықтың тағдырына ықпал етеді. Сондықтан әрбір ұлттың өмірінде, мәдениеті мен рухани-психологиялық келбетінде өткен өмірдің іздері анық көрініп, ұлттық қадір-қасиет пен әдет-ғұрыптар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, біздің заманымызға дейін жетіп отыр.

Ал жаһандану үдерісінде қазақ қоғамында, әсіресе келесі ұрпаққа салт-дәстүрді насихаттап, ата салтын жалғастыру үшін ұлттық тәрбиеге көбірек көңіл бөлуіміз керек. Елбасының 2018 жылғы қазан айындағы халыққа жолдаған Жолдауында *«Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау – мемлекеттік саясатының басымдылығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын»* деп жастар мәселесіне көбірек көңіл бөлу керектігіне басты назар аударып отыр.

Қазақ халқы балаға тәрбие беру ісін қашанда үлкен даналықтың, көрінісі деп санаған. Сондықтан ұлттық тәрбиенің ең маңыздысы – әрбір жеке тұлғаның белгілі бір ұлттың мүшесі екенін сезінуге, ойлануға, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу. Себебі, талай халықтың дамыған ұлттың жетегінде кетіп, сол ұлтқа сіңіп, жоқ болып кететіні тарихтан аян. Сондықтан да ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін, қоғамда болып жатқан жаңалықтарды ақиқат ретінде қабылдап, озық бөлігін ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналдыра білуіміз керек. Өйткені мұндай жаңалықтарды жастар тез бойына сіңіріп алады. Біздің менталитетімізге еніп жатқан жаңалықтарды ұлттық болмысымызға қарай бағыттап, заман талабына сай әрекет етпесек, тарихи дәстүрлерімізді де жаңғырта алмаймыз.

Жаһандану үдерісіндегі ұлттық тәрбиеде жастарды қазақ халқының өткен тарихын меңгерту және бүгінгі тарихи кезең аясында бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық жағдайдан шығу жолдарын қарастыру секілді екі бағытта тәрбиелеу керек деген пікірдеміз. Өйткені, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, салт-дәстүрі, тілі мен ділі, сенімі мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен өткен рухани құндылықтарға мән берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де шешілуіне ықпал етеді. Сондықтан ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиенің негізгі қағидаларының біріне айналмақ.

Дегенмен, өзіндік «менін» сақтап қалуға ұмтылған халық, өз тарихы мен дәстүрін, ана тілі мен ділін, дінін, мәдениетін сақтап қалу жолында күреседі. Олай болса осы айтқандарымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге қатысты жүзеге асырылуы тиіс әрекеттер.

Бүгінгі қазақ ұлты – «Рухани жаңғыру» аясында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясымен қаруланған тәуелсіз ел. Қоғамдағы жастардың таным-түсінігі мүлде басқаша. Олар өздері қалаған ісімен айналысып, еркін әрекет ете алады. Тіпті ұлттың құрамы ала-құла, яғни отбасының құрамы ала-құла болған соң, тілі де біркелкі емес. Кез келген мемлекеттің дамып, гүлденуіне көзі ашық, көкірегі ояу білімді ұрпақ болуы шарт. Білімді ұрпақ дегеніміз – инновациялық терең білім алған, технологиялар әлемінде қабілетті, тарихы мен мәдениетін ұғынған, тілі мен дінін сақтаған рухани таза ұлттың ұрпағы.

Рухы мен мәдениеті биік, білімі терең ұлт жаһандану деген алып мұхитта өз келбетін жоғалтпайды. Ондай ұлттың да, мемлекеттің де болашағы жарқын болатыны сөзсіз.

Шығыстың ұлы ойшыл ғалымы Әл-Фараби: «Маған жас жеткіншектеріңізді көрсетсеңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін», – деген екен. Олай болса ұрпақ тағдырын ұлт тағдыры деп қарап, еліміздің дамуына өз үлесін қосатын азаматтарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

**Приозерск қаласының «Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің» ММ тапсырыс аясында**

# БАЗАР ЖЫРАУДЫҢ БӘЙБІШЕСІНЕ АЙТҚАНЫ



«Балқы базар білгенге, атақты әйдік астана...», - деп ақындар жырға қосқан Базар жырау Оңдасынұлы Сыр бойынан, Қызылқұмның Тауелібайына, Қарақалпақстанға кеңінен танымал өнер иесі. «Жыраулардың жампозы» атанған Базар жырау Оңдасұлы (1841-1911) есімінің күні бүгінге дейін исі қазақтың жадында жатталып келуі тегін емес. Шығармашылық ғұмыры XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы он жылдығына тура келетін Базар жыраудың жыр-толғауларының сол кездің өзінде-ақ Сыр бойына ғана емес, еліміздің түкпір-түкпіріне тарап үлгергені туралы, сондай-ақ, осы аймақтардағы сөз ұстанған өнерпаздардың Базар жырау жырларымен ауызданып, өнерлік жолын бастағаны жөнінде нақты деректер ғылымға белгілі. Профессор Х.Сүйіншәлиевтің мәліметтеріне сүйенсек, Базар жырау «қазіргі Қызылорда облысының Қазалы ауданының 6-ауылында туып-өскен. Базардың өлеңін жинаушылардың бірі Әлқуат Қайнарбаевтың деректеріне қарағанда, ақын 1839-жылы туып, 1911-жылы қайтыс болған. Соңғы жылдардағы зерттеуде: «Бұқар жырау мен Махамбеттен кейінгі толғау алыбы – Базар жырау (Базар Оңдасұлы Өтемісов (1842-1911 жж.) қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданы, «Қарақ» деген жерде туып, бейіті Өзбекстан Республикасының Үшқұдық ауданының «Жалпақтау» деген жерінде) шығармашылығының мазмұны мен тақырыбы қазақ өмірінің шындығынан туған», – деп көрсетілген. Ғ. Іскендерұлы «Жат жұртта жерленген жампоздар» атты мақаласында былай деп жазады: «Базар Оңдасұлы (1842-1911) – жырау. Қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданында дүниеге келген. Базар 15-16 жасынан бастап Ор төңірегін, Ырғыз, Сыр бойын, Қызылқұмды, Үргеніш, Хиуа жағын жырау ретінде аралайды. Жыраудың өз айтуымен хатқа түскен 15 мың жолға жуық өлең-жырлары, 5 дастаны сақталған… Базар жыраудың зираты Өзбекстанның Тамды ауданының Жалпақтау деген жерінде» жерленген. Жастай жетім қалған Базар оқып, білім алған емес. Табиғатынан дарынды зерек бала бұрынғы ақын-жыраулардың жырларын, халық мақал-мәтелдерін есіне сақтап, көңіліне түйіп, халықтың бай ауыз әдебиетінен сусындап өскен.

Балқы Базар бірінші әйелі Шөмекей тайпасына жататын Бозғыл, оның ішінде Сарыбайдың қызы Айсұлуды 27 жасқа келгенде алыпты. Қыз оң жақта отырғанда, қалыңдық ойнап жүрген кезінде Базардың ескертіп, әзілдеп айтқаны екен.

**Ауылың Сырдарияның өріндесін,**
**ақ орда әкең тіккен төріндесін.**
**Сырты кең сыпайының іші тарды,**
**көзіме жамандығың көрінбесін.**
**Жарасқан ақ ордаңа басқұрларың,**
**ауылыңда аз көрінбейді қасқырларың.**
**Алушы жеңеді деген аңдушыны,**
**қайтейін жаратқанға тапсырғаным.**
**Жүк қалмас сыйыстырып артсаң нарға,**
**түзелмес қалса кеуіл сүйген**
**Ешкімді үлгі етудің қажеті жоқ,**
**қарайды қадірін білген ұят арға.**
**Бір ермін тәуекелге тіккен басын,**
**жүрмесін у-заһар боп ішкен асым,**
**Тең болар қалған кеуіл шыққан жанмен,**
**жеріңді жауға алдырсаң бармақ басым.**
**Алыстан келгенде аңсап балапандай,**
**қуандың кеуіліңе дақ, жара салмай.**
**Еңбегі есіл ердің еш болғаны,**
**жеріңді жауға алдырсаң алақандай.**
**Кеуілдің лайланса тынық қағы,**
**жігіттің сүйген жардан сынар сағы.**
**Жатқаным жағдай айтып ескерсін деп,**
**сақтықта қорлық болмас деген дағы.**

Базар уақыты болған соң, қалыңдығын алайын деп барса, Бекіш би күйеу, құдадан көп қәде қаумет сұрап, олардың әкелгенін азсынып, қыз әкесіне қалыңдықты бергізбей қояды. Асып бара жатқан дәулеті жоқ Базар ішінен тынады. Сол жылы бір жиында Балқының атақты биі Күртебайға баяғы Бекіш бидің сәлем бере барғанын естиді де, олар отырған отауға әдейілеп кіріп барады. Мұны көрген Күртебай би інісіне;

**-Базаржан, келінді алып кеуліңді бірледің бе? - деп сұрайды.**

**Сонда Базар табан астынан өлеңдетіп жібереді.**

**Ерлердің алды кетіп арты қалды,**
**қыздардың жасы кетіп, карты қалды.**
**Жарлыға жесір алу мүшкіл екен,**
**қалдырмай бар шырынды саркып алды.**
**Басында қыз иесінің ықтияр жоқ,**
**билігін ағайыны тартып алды.**

**Мұны естіген Күртебай Бекіш биге қарап;**

**-Базар не деп отыр?- деп сұрапты;**

**Сонда қатты ұялған Бекіш би;**

**-Базар қалыңдығын алып қайтсын, -депті.**

Сүйтіп Базар осы алты ауыз өлеңмен бәйбішесі Айсұлуды ешқандай да шығынсыз алған екен.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

***COVID-2019***

# САҚТАНА ЖҮРЕЙІК, АҒАЙЫН!

Еліміз аумағына дендеп енген короавирус індеті аз уақыттың ішінде адамдарға жұғып, талай адамды әуре-сарсаңға салғанын, кейбір жандардың осы аурудан дүниеден өткенін естіп-біліп отырмыз. Індеттің тез етек алуына байланысты еліміздің үлкен қалаларынан басталған төтенше жағдай шаралары біртіндеп бүкіл аймақтарға енгізілді. Бұл шектеу шараларынан біздің Приозерск қаламыз да тыс қалмағанына өзіміз куә болдық. Мауысымның басына дейін жалғасқан төтенше жағдай әрбірімізге көптеген қиындықтар туғызғанын ешқашан ұмытпайтын шығармыз, сірә?!. Көптеген сауда орындары жабылып, сыртпен қарым-қатынас жолдары, мектептер мен бабалар бақшалары жабылды, балалардың көшеге шығуына қатаң тиым алынды. Өзге қалалар түгілі, қалада қаза болған кісінің жаназасына қатыса алмадық, той-томалақ жайына қалды... Осы іс-әрекеттің бәрі – ең бастысы қала тұрғындарының денсаулығына алаңдаудың, оларды жұқпалы дерттен сақтау үшін жасалынған шаралар екенін естен шығармауға тиіспіз. Соның арқасында қаламыздан ешқандай ауру белгілері анықталмады, дерт жұқтырғандар болған жоқ.

Қала әкімінің ұйымдастыруымен жиі-жиі тікелей эфир арқылы маңызды ақпараттар, сақтану шаралары туралы кеңестер, мамандардың қатысыуымен мағлұматтар беріліп отырды және бұдан қала тұрғындары нәтиже шығара білді. Соның арқасында адамдар сақтықта қорлық жоғын байқады, бағамдады, білді, түсінді. Бүгінгі күні жұқпалы дерттің қайта өршіп жатқанынан хабардар болып отырмыз. Еліміздің кейбір аймақтарында шектеулер, блок-бекеттер орнатыла бастағанын айтуда сенімді дерек көздері. Мұндай кезде арқаны кеңге салып, сақтануды, қорғануды ұмытып кетуге әсте болмайды. «Короновирус жоқ, бұл – саясат, жұртты алдау...», - дегендей өсек-аянды да естіп жатырмыз. Ресми мәліметтен басқа дақпыртқа сеніп, бармағымызды шайнап қалмайық, әрқашан сақтана жүрейік, дегім келеді, ағайындар, жерлестер! Осы орайда газет оқырмандары біле жүру үшін осынау дерттің белгілері, оны анықтау мен емдеу шаралары жайындағы мәліметті ұсынуды жөн санаймыз...

Коронавирус белгілері: дене қызуының көтерілуі; тұмау; бас ауруы; жөтел; тамақ ауруы; әлсіздік; іш өту.

Иммун жүйесі әлсіз әрі нашарлаған адамдар, сәбилер мен карттар вирусты тез жұқтыруы мүмкін.

Инкубация кезеңі – 2 күннен 14 күнге дейінгі аралық.

Диагностика: Қазіргі уақытта Қазақстанда 2 сағаттың ішінде нәтиже беретін жаңа тест жүйелері қолданысқа енді. Ол үшін: қан анализін; несеп анализін; лаборатория зерттеулерін; ПТР-ды (полимераз тізбек реакциясы) тапсыру қажет.

Коронавирусқа арнайы диагностика тек медициналық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі. Инфекцияның берілу жолдары: көп жағдайда ауру адам жөтелгенде немесе түшкіргенде ауа тамшылары арқылы тарайды; тұрмыстық байланыс арқылы: жеке байланыс, (жанасу, қол алысу, залалды объектіде болу немесе бетті тигізу). Вирус өзі ағзадан тыс ұзақ өмір сүре алмайды және бірнеше күн ішінде жойылып кетеді.

**Профилактика шаралары:**

-қол және тынысалу жолдарының гигиенасын сақтау, қолды 20 секунд бойы сабынмен мұқият жуу, сабын болмаса, антисептиктерді, спиртті, санитайзерлерді қолдану;

-иммунитетті арттыру: дұрыс ұйықтау, дұрыс тамақтану, спортпен айналысу;

-бөлмені желдету;

-жиі қолданылатын заттарды залалсыздандыру құралдарымен сүрту;

-тынысалу органдарының шырышты қабығы қабынған адамдармен қарым-қатынас жасамау;

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
***газеттің арнаулы тілшісі.***

Религия и государство

# АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ БЕЗОПАСНОСТИ В РЕЛИГИОЗНОЙ СФЕРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**В Основном Законе Республика Казахстан провозглашена светским государством, в котором наивысшими ценностями признаются человек, его жизнь, права и свободы, в том числе свобода совести, которые могут ограничиваться лишь в случае, когда их осуществление нарушает права и свободы других лиц, посягает на конституционный строй и общественную нравственность.**

В число обозначенных свобод входит и свобода на исповедование или неисповедование религиозных учений. На сегодняшний день в нашей республике в правовом поле официально действуют 18 конфессий, представленных более 3,5 тыс. религиозных организаций. В числе религиозных объединений представлены Ислам, Русская православная церковь, Римско-католическая церковь, Евангельские христиане-баптисты, Лютеране, Адвентисты седьмого дня, Свидетели Иеговы, Объединения Пятидесятников, новые религиозные образования (новые протестанты, бахаи, общество сознания Кришны, церковь последнего Завета и т.д.), другие немногочисленные религиозные формирования. В настоящее время религиозными объединениями республики выпускаются 38 наименований периодических печатных изданий, тогда как раньше они не располагали ни одной газетой или журналом.

На сегодня в Казахстане зарегистрированы 334 иностранных миссионера из более чем 22 стран мира. Наибольшее их количество сосредоточено в католических, протестантских и православных общинах, деятельность которых находится под постоянным контролем Советов по связям с религиозными объединениями при акимах областей, городов и районов.

В силу того, что в нашей стране есть множество представителей различных религий, по инициативе Первого Президента страны Н. Назарбаева в Казахстане проведены съезды лидеров традиционных и мировых религий. Каждое из данных мероприятий посвящено обсуждению актуальных проблем человечества, а также путей их разрешения и участия в них представителей религиозных объединений.

Одним из постоянно обсуждаемых вопросов является деятельность различных организаций, которые под прикрытием религиозных идей приносят вред здоровью и благосостоянию людей по всему миру.

Проблема укрепления межконфессиональной и межнациональной толерантности требует постоянного внимания. От ее решения зависит внутриполитическая стабильность и безопасность, уверенное движение Казахстана в направление новых горизонтов развития.

Действующие в Казахстане новые религиозные объединения различаются по месту их зарождения. Некоторые объединения и группы возникают за пределами Казахстана и "импортируются" на казахстанскую землю из других культурных ареалов. Разумеется, не все транснациональные силы благотворны, точно так же, как не всякий национализм вреден. "Пора навести порядок!" - взывают религиозные лидеры традиционных конфессий. Всем этим "пришельцам" не должно быть места в нашей стране. И здесь, как бы на второй план, уходит такое понятие, как "свобода совести" - главное завоевание любого демократического общества.

Есть силы, и внутри страны, и вне ее, которые очень заинтересованы в том, чтобы в Казахстане отношения между конфессиями обострялись. Они мечтают о том, чтобы по всем линиям соприкосновения ислама и христианства возникали войны. Агрессивные силы в целях распространения среди населения нашей республики религиозной идеологии, фальсификации политики молодого государства формируют различные "религиоведческие" центры и подрывные организации под религиозными вывесками. Немало подобных организаций и центров, тесно действующих с разведслужбами, создано в США, в западноевропейских и мусульманских государствах.

Новые "нетрадиционные культы" представляют специфический тип религиозной организации. Как пишут некоторые авторы: "В них, как правило, отсутствует строго разработанная вероучительная система; структура этих организаций нередко иерархическая, с жестким авторитаризмом харизматического лидера, для них характерна оппозиционность к официальным ценностям, идеалам и к отстаивающим их церковным организациям, в них сильно развито "*мы-чувство*". Внутренняя жизнь регламентируется уставами и правилами, предусматривающими процедуру вступления и обязательства перед общинами. В то же время есть новые религиозные образования, в которых отсутствуют институциональные структуры, а внутреннее строение характеризуется аморфностью и в основном сводится к усвоению религиозно-философских трактатов".



В этих условиях большинство возникающих в Казахстане религиозных новообразований предлагают проекты радикального переустройства мира. В них можно найти обещание не только приобщить население Казахстана к истинной вере, но и способствовать материальному процветанию, а само общество сделать гуманным и справедливым. Многие обращаются к нетрадиционным религиям, надеясь обрести в обстановке резких перемен стабильность, душевный покой. Их привлекает внутригрупповая атмосфера, культивируемое в ряде неорелигий гуманное отношение друг к другу, человечеству, природе. Появлению и закреплению позиций новых религиозных течений благоприятствовало оформление новой модели церковно-государственных отношений, признание права на существование религиозных объединений различного типа.

Пропагандистские комитеты стремятся распространять свои идеи, облаченные в религиозные "одежды", в зависимости от той аудитории, на которую направлена пропаганда, в том числе и на неверующих. Члены заставляют верующих отказываться от борьбы за важные интересы своего народа, навязывают единоверцам мифы "о безбожном государстве", доставляют по нелегальным каналам подрывную литературу, директивы и инструкции, сколачивают легальные и нелегальные организации в различных странах мира.

Религиозный экстремизм в Казахстане - явление, которое у нас масштабно не проявилось, но в то же время существует определенная опасность, что процесс конфессиональной дестабилизации, в конце концов, может проявиться и у нас. Если, конечно, вовремя не осознать и не предотвратить эту потенциальную угрозу.

Не хотелось бы нагнетать и обострять ситуацию вокруг возможности религиозного экстремизма в нашем Центрально-азиатском регионе и особенно в Казахстане. Но, к сожалению, в последнее время ситуация в регионе складывается далеко не лучшим образом с точки зрения возрождения таких крайних проявлений религиозных движений, как экстремизм.

Из подобных организаций на сегодня самой известной во всем мире является «Исламское государство» (запрещенная судом в РК), в ряды которого были завербованы граждане многих стран, в том числе и казахстанцы. Наряду с ИГ в Республике Казахстан запрещены еще 20 организаций, признанных судом РК экстремистскими и террористическими.

Деятельность данных организаций тем или иным путем направлена на подрыв национальной безопасности РК. Некоторыми из данных организаций, начиная с 2011 года, были организованы террористические акты в нашей стране, повлекшие человеческие жертвы. А деятельность других принесла вред физическому и психическому здоровью граждан посредством каких-либо практик. Несмотря на запрет и пресечение деятельности данных организаций, они все еще действуют нелегально не только в РК, где были основаны, но и по всему СНГ.

Сказать, что данные объединения совершенно не связаны с религиозными учениями, нельзя. Напротив, как правило, у подобных организаций существует свое особенное вероучение. В данном случае можно использовать понятия «деструктивное религиозное течение» и «деструктивное идеологическое течение», существующие в научной и юридической практике и внесенные на рассмотрение в числе поправок и дополнений к нынешнему законодательству РК.

За основу в таких деструктивных религиозных течениях может браться учение любой мировой религии и интерпретироваться, искажаться в соответствии с политическими или корыстными мотивами основоположников этих самых течений.

Одной из актуальных проблем в сфере религии Казахстана является распространение учения салафизма, (салафиты осуждают местные традиции, принцип светскости и многое другое), неприемлемого для Казахстана.

На сегодняшний день государством принимаются все необходимые меры по сохранению стабильности в религиозной сфере, укреплению межконфессионального согласия и толерантности в обществе, а также по формированию иммунитета населения к идеологии религиозного экстремизма в любых его формах и проявлениях. Более того, была утверждена Концепция государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017-2020 годы. Ведь противостоять новым вызовам и угрозам современности возможно, только обеспечив полную безопасность всего общества и каждого человека.

В связи с напряженной религиозной ситуацией в отдельных зарубежных странах, активизацией экстремистских и террористических организаций в мире присутствует риск попадания граждан страны под влияние экстремистской идеологии. В том числе молодые люди, которые еще не сформировались как личности, являются более подверженными влиянию радикальной идеологии. В этой связи вопрос противодействия экстремизму остается одним из приоритетных направлений внутренней политики государства. Работа по противодействию распространения экстремистской идеологии идет сегодня целенаправленно, прежде всего, посредством пропаганды идей образованности, трудолюбия, духовно-нравственного воспитания молодежи. Внедрение в сознание населения принципов светскости, чувства долга и патриотизма, содействие формированию социальной стабильности, укрепление межэтнического и межконфессионального согласия – все это является задачами нашего общества.

Для достижения поставленных целей по обеспечению общественной безопасности претворяются в жизнь различные государственные инициативы: создаются узкоспециализирующиеся органы (антитеррористический комитет, научные центры по вопросам религии и пр.), вносятся изменения в Основной Закон, регулирующий религиозную сферу в стране, проводится информационно-разъяснительная деятельность среди населения. Также была утверждена Государственная программа по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2018-2022 годы.

Можно сказать, что только при комплексной реализации всех этих направлений по борьбе с экстремизмом и активном участии самого населения страны возможно добиться значительных успехов.

Формирование антитеррористического сознания - важный компонент обеспечения национальной безопасности. Согласно приоритетным задачам, вытекающим из государственных программ, в целях укрепления светских устоев государства в процессе общей профилактики должны быть активно задействованы специалисты светских дисциплин - политологи, психологи, религиоведы, культурологи, историки, юристы, этнопедагоги и др. Привлечение теологов целесообразно в процессе спе-циальной (адресной) и индивидуальной (пенитенциарной) профилактики. При этом целью адресной профилактики является корректировка религиозных взглядов и мировоззренческих установок верующей части граждан, подверженных влиянию идеологии нетрадиционных религиозных течений. Следовательно, задача по повышению уровня религиозной грамотности населения должна осуществляться лишь выборочно и касаться только религиозно-практикующих граждан. Информационно-разъяснительная работа проводится в трех основных направлениях. Первое - среди активной части населения, с акцентом на разъяснение государственной политики в религиозной сфере. Задачей данных общепрофилактических мероприятий является предупреждение распространения среди населения радикальной идеологии нетрадиционных религиозных течений. Второе – среди маргинальных слоев населения. Задачей специальных (адресных) профилактических мероприятий среди маргинальных фокусных групп населения наряду с предупреждением колеблющихся граждан, является также переубеждение лиц, уже подпавших под влияние идеологии деструктивных религиозных течений. Третье – профилактическая работа среди осужденных в исправительных учреждениях. Наряду с общепрофилактическими мероприятиями среди основного контингента осужденных, а также переубеждением колеблющихся адептов нетрадиционного религиозного течения, в качестве главной задачи данного направления профилактики штатные теологи и психологи Управления по делам религии выделяют реабилитацию лиц, ставших жертвами радикальной такфиристской идеологии и их последующую переориентацию на позиции традиционной религии.

Наряду с религиозной составляющей необходимо обратить внимание на другое важное направление профилактической информационно-разъяснительной работы, а именно – необходимость начальной антитеррористической подготовки населения и разъяснение гражданам правил поведения в условиях чрезвычайной ситуации, вызванной актом терроризма.

Как показывают результаты социологических опросов, абсолютное большинство населения отрицательно относится к любым проявлениям религиозного экстремизма и терроризма, однозначно сделав выбор в пользу демократии и светского государства.

Помимо этого, хотелось бы подчеркнуть, что все государства, в одинаковой степени осознавая степень угрозы всему цивилизованному миру, исходящей от религиозного экстремизма и терроризма, едины в своем стремлении совместными усилиями нейтрализовать эту опасность. Это должно стать решающим фактором в ликвидации общемировой угрозы, в укреплении стабильности и согласия в нашем обществе.

**ГУ «Отдел экономики и финансов г.Приозерск»**

# БІР ЕЛ – БІР КІТАП

Жыл сайынғы дәстүр бойынша «Бір ел–бір кітап» республикалық акциясының ұйымдастыру комитеті 2020 жылғы кезекті жыл кітабын таңдау нәтижесі бойынша Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романын жыл бойы оқуға ұсынып отыр.

**Тарихымыз бен әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді ұштастыра білген шоқтығы биік шығармалардың бірі – «Абай жолы» романы. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов өзінің осы эпопеясы арқылы XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық әкелді.**

Акцияның мақсаты – жастарды патриоттыққа және адамгершілікке тәрбиелеуге, ана тілге мұқият қарауға, оқу мәдениетін қолдау мен дамытуға, сауаттылық бағдарламасын арттыруға, рухани мұраны сақтауға және оқуға жәрдемдесу болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде болашақ жастарымызды ұлы тұлғалардың үлгі тұтар өмір жолымен таныстыруда, қазақи салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыпымызды түсіндіруде, қазақ әдебиетін одан әрі дамыту жолында түрлі жобалар дайындалып, іс-шаралар өткізілуде. Осы жолда біздің кітапхананың қызметкерлері де өз үлестерін қосуда.

Осыған орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Бір ел- бір кітап» акциясы өткізіліп, М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы және Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың орауы» романдарын насихаттау мақсатында 18 ақпан күні «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-нің кітапханашыларының ұйымдастыруымен қаладағы 44841әскери бөлімінің жеке құрамы қызметкерлер арасында ақпараттық сағат өтті. Сонымен қатар кітапханада «Бір ел – бір кітап» атты тұрақты кітап көрмесі ұйымдастырылып, онлайн режимде әлеуметтік желілерде кітап көрмесіне бейне-шолу және бейнеролик көрсетілді.

**«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ**

*Білім беру*

# БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ



**Қазақстанда 25 жылдай білім беру тәжірибесі бар 30-дан аса «Білім-инновация» лицейлері (бұрынғы қазақ-түрік) ашылғаннан бастап көп тілде оқыту, жаратылыстану-математикалық пәндерді ағылшын тілінде меңгерту, білім мен тәрбие беруді ұштастыру, ұл және қыз балаларды бөлек оқыту, педагогикалық ынтымақ-тастық пен әлеуметтік әріптестікті дамыту бағыттарында табысты жұмыс атқарып келеді.**

Солардың бірі - Қарағанды қаласындағы №1 «Білім-инновация» лицей-интернаты 1993 жылы сол кездегі облыс әкімінің шешімімен, облыстық білім басқармасының қолдауымен ашылды.

Лицейіміздің миссиясы - оқушыларды ерекше қабілеттерін айқындап дамыту арқылы адами құндылықтарды бойына сіңірген, салауатты өмірді ұстанып, өзін-өзі ұдайы жетілдіретін, кез келген мәселені оңтайлы шешуге дағдыланған жаһандық тұлға қалыптастыру. Мектептің алғашқы директоры Ахмет Таны және одан кейінгі түркиялық және қазақстандық басшылар білім берудің халықаралық тәжірибесін үздік отандық білім беру жүйесімен ұштастыра жұмыс істеді. Соның нәтижесінде 2005 жылы лицейге «Дарынды балаларға арналған мектеп-интернат» мәртебесі берілді. 2010 жылы оның базасында қыздар бөлімі ашылып, 2013 жылы жеке бөлініп шықты.

Лицейдің стратегиялық мақсаты – үздік отандық және халықаралық білім беру тәжірибесін үйлестіретін көп тілді білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті, құзіретті және функционалды сауатты жеке тұлғаны оқытып, тәрбиелеу үшін ақпараттық-коммуникативтік білімдік орта құру. Осы мақсатты жүзеге асыруда инновациялық технологияларды қолдану арқылы ақпараттық білім беру жеткіліксіз, білімді саналы тәрбие арқылы сіңіру маңызды, сондықтан Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» деген ұлы қағидасын негізгі ұстанымызға айналдырдық. Лицейде «мұғалім–оқушы–ата-ана» бірлігін дамыту педконсилиум, ата-аналар академиясы, әкелер клубы, ата-аналардың спорттық турнирлері, т.б. іс-шаралар арқылы жүйелі жолға қойылған. Аталған шаралар ата-аналар мен лицей арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге, оқушылардің отбасы өнегесімен тәрбиеленуіне үлкен ықпал етеді, ұл балалар болғандықтан әкелердің бала тәрбиесіне белсене араласуына мүмкіндік береді.

Жыл сайын 7 сыныпқа оқушылар конкурстық негізде қабылданады. Алғашқы күннен бастап шәкірттерге ағылшын тілін тереңдетіп оқытылады, өзін-өзі оқыту қабілетін жетілдіруде интербелсенді оқыту технологиялары кеңінен қолданылады, пәннің мазмұны мен тілді оқытуды кіріктіру (интеграциялау) жүзеге асырылады, отандық ұстаздарға қоса, шетелдік мамандар да жұмысқа тартылады.

Бүгінде мектебімізде 250-дей оқушы білім алады, білім беру қазақ және түрік, неміс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Жыл сайын шәкірттеріміз тереңдетілген оқу бағдарламасын бірнеше тілде меңгеріп қана қоймай, түрлі білім сайыстарына үлкен әзірлікпен қатысып, облыстың ғана емес, республиканың туын әлемде желбіретуде. Соңғы 15 жыл бойы мектебіміз облыстағы «Ең үздік олимпиада командасы» болып танылып келеді. Осы уақыт ішінде шәкірттеріміз 692 облыс, 195 республика және 237 халықаралық жүлделі орын еншіледі.

2019-2020 оқу жылында 49 түлегіміз бітірді.Лицей ашылғаннан бері 1000-нан астам түлек бітіріп шықты. Оның 15 %-ы «Алтын белгі» аттестатына, 25%-ы үздік аттестатқа бітіріп, барлығы 100% Қазақстан мен шетелдердің жоғары оқу орындарына түсті, оның жартысынан астамы оқу грантына ие болды. 200-дей түлегіміз «Болашақ» және басқа да халықаралық оқу бағдарламаларымен АҚШ, Канада, Англия, Франция, Түркия, Ресей, Қытай, Жапония, Малайзия, Сингапурдың, т.б. елдер университеттерінде оқиды. Жыл сайын мектеп бітірушілердің 25-30%-ы Назарбаев университетіне түседі.

Сондай-ақ, қарағандылық лицей түлектері 2017 жылы «Made in KTL» деп аталатын түлектер қауымдастығын құрып, лицейге жан-жақты көмек көрсету, дарынды балалрады қолдау жұмыстарын жүргізуде, «Елімнің өркендеуіне қосқан үлесім» атты танымал, ерекше қонақтармен кездесу кештері тұрақты түрде өткізіліп келеді.

**Приозерск қаласының «Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің» ММ**

# КАРАГАНДИНСКИЕ ВЫПУСКНИКИ ШКОЛ ВЫБИРАЮТ ОТЕЧЕСТВЕННЫЕ ВУЗЫ



**Выбор вуза является одним из самых важных и сложных в жизни любого человека. О выборе университета и о своих дальнейших планах рассказали выпускники Назарбаев Интеллектуальной школы города Караганды.**

**Ерасыл Кадиржанов, выпускник Назарбаев Интеллектуальной школы города Караганды, обладатель знака Алтын белгі»**

***–Ерасыл, что было для вас самым важным при выборе университета?***

– Для меня наиважнейшим факторами в выборе университета стали качество и степень актуальности обучения. Назарбаев Университет, являясь флагманом Казахстанского высшего образования отвечает всем современным международным требованиям, что безусловно сделало его ВУЗом моей мечты.

***–Чего вы ожидаете от обучения в Назарбаев университете?***

